

**Созақ ауданының білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай – бақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

БҰЙРЫҚ № 3

Сызған ауылы

9 қаңтар 2024 жыл

**Өзіндік бағалау
өткізу туралы**

Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен және Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің хабарламасына сәйкес, «Балдәурен» бөбекжай – бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны 2024 жылдың наурыз айында мемлекеттік аттестаттауға байланысты **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Балдәурен» бөбекжай – бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында 2024 жылдың 08.01– 31.01 қаңтар аралығында өзіндік бағалау жүргізілсін.
2. «Балдәурен» бөбекжай – бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өзіндік бағалауды өткізу комиссиясысының төмендегі құрамы бекітілсін:
Комиссия төрайымы: - балабақша меңгерушісі Г. А. Жанибекова
Комиссия мүшесі – б/б әдіскері Р. М. Жылысбаева
Комиссия мүшесі – б/б тәрбиешісі П. Т. Бидаулетова
Комиссия мүшесі – б/б тәрбиешісі Н. Д. Мусаева
Хатшы - б/б тәрбиешісі Қ. А. Музафарова
3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды өз құзырыма қалдырамын.

Балабақша меңгерушісі Жанибекова Г. А



Жылысбаева Р.
Музафарова Қ.
Бидаулетова П.
Мусаева Н.

**Созақ ауданының білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай – бақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

Сызған ауылы

8 қаңтар 2024 жыл

**Кезектен тыс педагогикалық кеңестің
№ 1 ХАТТАМАСЫ**

Қатысқандар:

**«Балдәурен» бөбекжай – бақшасының меңгерушісі Жанибекова Гульнур
Асылхановна**

Педагог- тәрбиешілер: 6

Қатыспағаны: 0

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1.Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің хабарламасымен таныстыру.
2. Мемлекеттік аттестаттау ережесіне сәйкес «Өзін- өзі бағалау» жұмыс жоспарымен таныстыру.
- 3.Өзін- өзі бағалау шарттарын өткізу жөнінде комиссия құрамын бекіту.

1. «Балдәурен» бөбекжай – бақшасының меңгерушісі Г. Жанибекова педагогтар ұжымын Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы Бақылау Комитеті Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің хабарламасымен таныстырып өтті.

Тамыз айында балабақшаны кезекті мемлекеттік аттестаттаудан өтуі жөнінде мәлімет берді. Осыған орай балабақшада атқарылып жатқан жұмыстарды жүйелі түрде қортындылау керек екендігін айтты.

«Өзін- өзі бағалау» жұмыс жоспарымен таныстырып өтті. «Өзін- өзі бағалау» жұмысын және білім беру қызметтерінің сапасын арттырудағы тиімділігін өзіндік бағалау үшін өткізіледі. Өзін - өзі бақылау 1 ай бойы өткізіліп құжаттар ақпан айының 1- ші жұлдызына дейін аяқтау қажет. 3 жыл бойы жүргізілген іс - шараларының құжаттарын осы мерзімде әдіскерге анықтама ретінде әкелуді ескертемін. Қазақстан Республикасының Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарымен» таныстырды:

1). Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҰОЖ) талаптарына сәйкестігі;

2). Білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

3). Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сақтау;

4). Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

5). Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;

6). Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;

10. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1). МДТО ҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

11. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

1) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

2. Мемлекеттік аттестаттау ережесіне сәйкес «Өзін-өзі бағалау» жұмыс жоспарымен таныстырды.

1) Балабақшада атқарылатын әр іс-шараға жауапты қызметкерлер бекітілді.

2) Бекітілген іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру мақсатында комиссия құрамы ұсынылды.

Комиссия төрайымы: - балабақша меңгерушісі Г. А. Жанибекова

Комиссия мүшесі – б/б әдіскері Р. М. Жылысбаева

Комиссия мүшесі – б\б тәрбиешісі П. Т. Бидаулетова
Комиссия мүшесі – б\б тәрбиешісі Н. Д. Мусаева
Хатшы - б\б тәрбиешісі Қ. А. Музафарова

ЖИНАЛЫС ШЕШІМІ:

1. 2024 жылы 08.01-31.01 қаңтар аралығында балабақшада «Өзін-өзі бағалау» жұмысы жүргізілсін.

2. Келесі құрамда комиссия мүшелері құрылсын:

Комиссия төрайымы: - балабақша меңгерушісі Г. А. Жанибекова

Комиссия мүшесі – б\б әдіскері Р. М. Жылысбаева

Комиссия мүшесі – б\б тәрбиешісі П. Т. Бидаулетова

Комиссия мүшесі – б\б тәрбиешісі Н. Д. Мусаева

Хатшы - б\б тәрбиешісі Қ. А. Музафарова

Комиссия төрайымы:

Хатшы:



Г. А. Жанибекова

Қ. А. Музафарова